



ТАРИХ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИМИДЖІ

Амантай ИСИН

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің
профессоры, т.ғ.к., Семей қ.*

Ондаған жыл бойы тарих ғылымы саласында еңбектеніп, жоғарғы мектепте дәріс бергендіктен қазіргі өзекті деп табылып отырған мәселеге қатысты пікірлерімнің мүдделі қауымға аз да болса септігі тиер ме деп үміттенемін. Кеңес заманында таптық идеология мен марксизм классиктеріне сілтеме жасау мезі кылып, одан орта ғасырлардың өзінде құтылу қиын болатын. Саяси көсемдерге сілтеме жасап сөйлеу әдеті басқарулы ғылымымыздың көрінісі ретінде әлі де көз көрінер уақытта сақтала бермек. Мұнымен әлемдік ғылым кеңістігінде абырой жинауымыз қиын. Бүгінгі күннің «тірі» тарихын ғылыми тарих деп ұғыну да кеңес заманынан мұра болып бекіді. Әйтпесе, ежелгі Қытайдың өзінде тарих кезеңі аяқталғанда ғана кейінгі тарихты жазып шығу түсінігі болған еді. Ондай түсінікті идеологиясы жіті жиырманшы ғасыр жоққа шығарған еді. Қазіргі біздікі сол таптаурын. Саясаттанудың да міндетін тарих өзі атқарғысы келеді. Бұл да шынайы тарихтың дамуына үлкен кедергі. Тарихтың және тарих ғылымдарының шын мәнінде «өлмейтін» салаларында шектеулі ғылыми күш сақталып, зерттеушілер өткен ғасырларды зерделеуде таптанды штамптарға бой алдырмай, орнықты қорытындылар жасап, бірқатар салалар бойынша кеңестік тарих ғылымының жоғары мәртебесін қамтамасыз етті. Бірқатар тұста бүгін де жалғастырып келеді.

Оқу орындарындағы ғылымды қатаң шектеген мемлекет негізгі ғылыми өнімді беретін академиялық жүйедегі ғылымды қатаң бақылауда ұстап тұрғаны белгілі. Тарих ғылымдары Кеңес Одағының бас орталықтарында ғана қанат жайып, республикалардағы ғылым құрылымдары аса бір шектеулі міндеттерді шешуге лайықталды. Соның салдарынан Қазақстанда да арнайы тарих ғылымдарынан мамандар даярланбады, төл тарихтың тұтас кезеңдерін қарастыруға сол кездегі Тарих, археология және этнография институтының мүмкіндігі жетпеді.

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында кеңестік тарихты зерттеу және оқыту жөнінде қалыптасып кеткен құрылымдық құрсаудан арылу баяу қарқынмен өз-

гертіліп келеді. Бұрын Мәскеу мен сол кездегі Ленинградта болған тарих мамандықтары елімізде әлі күнге дейін жоқтың қасы. Айтайық, шығыс, оның ішінде араб, парсы, түркі, қытай деректанушылары мен тарихнамашылары, шығыс (араб, парсы, түркі, моңғол, қытай) және батыс елдерінің эпиграфикасы мен нумизматикасы, шығыс және батыс елдерінің палеографиясы, тарихи география мен уақытнама (хронология), т.б. болмағанда дербес тарих ғылымы қалай қалыптаспақ?

Осыған байланысты еліміздегі тарих ғылымы, әсіресе соңғы ғасырлар тарихына қатысты жазылып-басылып, айтылып жатқан деректер, зерттеулер мен пайымдаулардың көбі тиянақты, терең негіздеуге жеткізілмей, өз шеңберіміздегі қатпарлы да құлыптаулы қазынаға айналуда. Әлемдік тарих ғылымының қалыптастырған қағидаларға қосып, бұрысын түзеп жатқан әсері аз. Оған мұқтаж да емес сияқтымыз.

Басты себептің бірі – халқымыздың, құрылым өкілдерінің ойлау жүйесінде. Әлі күнге дейін саны, үнемі зәбір көрген халықпыз деген қатып қалған қағидадан арылу жоқ. Сана мен халыққа лайық тілің де, ақпаратың да, баспасөз бен кітап ісі де, әдебиетің, әдебиеттануың мен тарих ғылымдарың да болу керек. Сол түсінікке жетсек, технократиялық, басыбайлы көзқарастарымыздан, сатып алам, қарызданам деген сияқты қимыл-әрекеттерден де алыстар едік. Біздің әдеби тілімізде тіпті «тарих ғылымдары» деген түсінік жоқ – «тарих ғылымы» ғана. Көптік түрде «ғылым» сөзі қолданылмайды деп үйретеді филологтарымыз. Тарихи деректануды, палеографияны, генеалогияны, эпиграфиканы, нумизматиканы, тарихи географияны, уақытнаманы тарих ғылымдарынан біріктіре «қосалқы тарих пәндері» деп оқу саласына ығыстырған түсінік әлі де мызғымас күйінде келе жатқаны аталған арнайы тарих ғылымдарын дамытуға да сылбыр қозғалыстың айғағы.

Арнайы тарих ғылымдарын даярлау жүйесінің жоқтығы тарих кезеңдерін зерттеуді тежейтін үлкен кедергі. Осыған байланысты бізде тарих пен филологияның үлкен-үлкен салалары мен бағыттары қалыптаспаған. Мәселен, ғұнтану, моңғолтану. Түркология филолог және археолог ғалымдарымыздың арқасында абыройлы. Аса беделді түркологтарымыз да көп емес. Зерттеу аумағымыз тар.

Бізде төл топырағымыз тарихына тікелей қатысты өткендегі мемлекеттер тарихымен шұғылданатын ғалымдарымыз жоқтың қасы. Ұлы Ғұн патшалығы, Қазақстан жеріндегі Ғұн Ордалары, Сәнби, Жужан, Ұлы Түркі қағандығы, Бірінші және Екінші Шығыс, Батыс Түркі қағандықтары, Түргіс (Түргеш), Қарлұқ, Қарахан, Қарақытай, Керейіт, Найман мемлекеттері тарихының біздегі жеке мамандарын кім атайды? Осындай үлкен тізімнен Кимек (Қимақ) қағандығы тарихын дербес зерттеген Б. Көмековты ғана атай аламыз. Ежелгі және ертеортағасырлық мемлекеттердің тарихын зерттеуді тұтастай дерлік шет ел ғалымдарының еншісіне қалдырып, өз мемлекетіміздің тұрғысынан сол тарихқа үңіле қарап, әлемдік ғылымға үн қатуды артық санап келе жатырмыз. Және сол шетелдік ғылыми жетістіктер де өз тілімізге аударылмағаны, зиялы қауымға жеткізілмегені аян.

Моңғолдан кейінгі кезең де негізінен алғанда алға кетіп қалған шет ел ғылымына ілесуде ғана. Шыңғыс хан мемлекеті, Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы тарихы өзімізде бар дейік.

К.А. Пищулина жазған, З. Қинаятұлы, Қ. Өскембай зерделеп жүр дегендей, Алтын Орда тарихына энтузиасттар атсалысып жүр. Ал, Шағатай мемлекетінің, Темір, Шейбани, Жани мемлекеттерінің тарихын бізде зерттеп жүрген кім бар? Бастамалар аз. Өткен ғасырлардағы саяси билік пен дін қарым-қатынасы мәселесіне З. Жандарбек ғана өз пікірлерін алдағы уақытта кіріктіре алса керек. Ортағасырлық Қазақ хандығы тарихымен Н. Атығаев шұғылдана бастаған. Көпшілікке бұл жөнінде қазақша ғылыми ақпар таратуда Б. Кәрібаев есімін атаймыз.

Жекелеген ғалымдар тиянақты зерттеуден гөрі белгілі бір ру-тайпалардың ерекше тарихи қызметін көрсетумен әуестенуде. Көпшілік тарих әдебиетін рулық сана мүлде жаулап алған. Фальсификациялық «еңбектерге» заң арқылы еш тежеу қойылмады. «Түп-түқияндар» өрістеп жүр, тарихымызға зор кеселі айқын. Қазақ хандығы заманының археологиялық зерттелуі де алдыңғы замандардан көш артта. Еліміздегі тарих зерттеушілері өз ұлтымыздың бергі екі-үш ғасырдағы, көбінесе соңғы жиырмасыншы ғасыр тарихымен шұғылданғандығын көрсетеді. Жоқ емес, тарих ғылымы шектеулі салалар мен бағыттарды қамтыған. Өткендегі жағдайлар тарихты дербес дамытудың жолын кескен.

Тарих – мемлекеттің халықаралық имиджі. Сондықтан да біздегі ғылым мемлекеттің үлкен қолдауына мұқтаж. Мемлекеттік хатшының таяудағы тұжырымдары басыбайлы тарихшыларды ынталандыруы да, қоғамдық белгілі бір әңгіме қозғалып жатқандығы да соны көрсетеді. Құрылымдық өзгерістерсіз, ғылымды қаржыландыруды жолға қоймай түбегейлі табыс, әлемдегі тарихты жазудағы бәсекелестікте кенжелеп қалып, ірі мемлекетімізге лайық өз орнымызды таба алмайтынымыз айқын. Мемлекеттің оң шешімдері жалғаса берсе, қоғам қызығушылығы науқандық сипат алмаса тарих ғылымы тәуелсіз Қазақстанның өрлеуіне лайықты рухани үлесін қоспақ.

Оқу саласындағы қалыптасып кеткен стереотиптің бірі – тарих құбылыстары мен оқиғаларына автохтонды көзқарас. Осы көзқараспен кезінде жас буынның танымы тұмшаланған болатын. Әлі күнге дейін тарих атластары Қазақстан тарихын қазіргі шекара сызығымен шектеп келеді. Ұлы Даладағы құбылыстардың, мемлекеттердің, оқиғалардың қазақ халқына қатыстығы мүлде аз ескерілген. Бұл тұрғыда қазіргі Татарстан ғалымдары көш алда. Көптомдық «Татар халқының тарихы» Еуразия даласындағы елеулі құбылыстардың бәрін қамтыған. Башқұрт ғалымдары да осы жолда. Бізде бұл жөнінде кеңестік консерватизм күші сақталғанымен оң өзгерістер енді ғана жүзеге аспақ. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жоспарлы жаңа 20-томдығы үміттендіреді. Мемлекет тарихы институтының да бірқатар тарих кезеңдерін сәтті игеріп кетуге мүмкіндіктері бар.

Оқулықтарымыз әлі бұрынғы таптаурыннан аз өзгерісте. Оқушы немесе студент – әр мемлекеттің шешуші оқиғалар тізбегі қандай, билеушілері кім,

аумағы қалай өзгеріп отырды, мәдениет қайраткерлері кімдер, олардың қандай шығармалары, қандай халықтық туындылары бар – осындай қарапайым сұрақтарға мектептерге арналған оқулықтардан жауап таба алмайды. Нақты мәліметтер орнына әлеуметтік-экономикалық жағдайлар бұрынғыша тықпалана берген. Қазақ халқының тарихы үнемі бір зәбір көру, жапа шегу, өзгеге бағынышты жайы, жеңілістері жыр болып төгілгендей келтіріліп, тарихи жеңістері және өткен ғасырлардағы мәдениет қайраткерлерінің еңбектері аталмай қалып немесе мүлде жеткіліксіз көлемде, жалпы сипаттаумен ғана көрсетілген. Жер көлемі әлемде тоғызыншы болып тұрған ел үшін бұл түбегейлі қате түсінік, қате өлшем.

Терминология – ол да бір бас ауру. Аса қарапайым мысалдар. Хан басқарған мемлекетті «хандық» деп, «қаған» басқарғанды «қағандық» деудің орнына «қағанат» деп еш мән бермей атайтын тарихшыларымыз «қағанат қанағатында» (Әуезхан Қодардың «Қанағат қағанаты» кітабы естеріңізде болар). Қалыптасқан «түркі» атауын бірқатар дәріптеушілер оп-оңай «түрік» деп өзгертуге бейімдік көрсетіп, қазіргі түрік халқы емес деп ескертуді де артық санайды. Ажырату үшін «түрк» деп те басылып жүр, орнығар-орнықпасы белгісіз.

Айтпақ ой – бізде анау жоқ, мынау жоқ деп мансұқтау емес, тарих ғылымдарын дамыту үшін елімізде тарих ғылымдарын қаржыландыруды түбегейлі жақсарту міндетін көздеу, құрылымдық өзгерістерді жоспарлау, арнайы тарих ғылымдары бойынша мамандарды даярлау, әсіресе, ортағасырлық араб, парсы, түркі, моңғол, қытай тілдерін арнайы тарих мамандарын даярлауда үйрету жолын таңдау, еліміздегі тарихи сананың жетілуін, өз мемлекетіміздің мүдделеріне сай келетін дербес тарих ойларды негіздей түсу қажеттігіне назар аудару. Айтылып жатқан – бізде бәрі бар, қажетті жағдай жасалған, тек ұйымдасып тарихымызды жазып алайық деген басалқылық пікірлерге қанша ұйым тыңдасам да, келісе алмаймын. Көлгірсу орнына ірі халыққа тән түсінік пен ізденіс қажет, олқылықтың орнын толтырам деп тұрған мемлекетке дұрыс, нақты сұраныстар жасалса игі.